



**Тақырыбы:**

**Ерік. Балада ерікті  
дамыту жолдары**



**Ерік**- бұл алға қойған мақсатты орындау жолында кездесетін қиыншылықтар мен кедергілерді жеңуге бағытталған адамның саналы психологиялық іс-әрекеті. Адам алдына әртүрлі мақсат қояды. Сол мақсатты орындау жолында ерік-қайраты мен күш-жігерін жұмсайды. Кей жағдайда мақсатты орындау ешқандайқиындықты, күш жұмсауды қажет етпейді. Ерікті үрдістер әр уақытта еріксіз белсенділіктің негізіне байланысты іске асады. Мақсатқа жету қиындықтар мен кедергілерді жеңумен байланысты. Бұл қиындықтар мен кедергілер екі түрлі болады: **сыртқы және ішкі**.

**Сыртқы қиындықтар мен кедергілерге** адам санасынан тыс объективтік қиындықтар мен кедергілер, сыртқы қолайсыздықтар, басқа адамдардың қарсы тұруы жатады.

**Ішкі қиындықтар мен кедергілерге** адамның өзіне байланысты қажет нәрсені істеуге адамның қарсы тұруы, қарама-қарсы талпынулардың болуы, адамның енжарлығы, жағымсыз көңіл-күй, ойламай әрекет ету әдеті, жалқаулық, қорқыныш сезімі және т.б. жатады.

Ерік ойлаумен тығыз байланысты, себебі ол мақсатты, саналы іс-әрекетпен байланысты. Адам алдына мақсат қойғанда, сол мақсатқа жетудің жолын қарастырады, кедергілерді жеңудің жолдары мен тәсілдерін ойластырады, ол ойлау іс-әрекетін іске асырады. Жоғары адамгершілік сезімдерге отансүйгіштік, жауға жеккөрушілікпен қарау, борыш сезімі, ар-ождан сезімі жатады. Мысалы, Александр Матросовтың, Нұркен Әбдіровтың, Талғат Бигелдиновтің, Боран Нысанбаевтың, Қайырғали Смағұловтың, Мәншүк Маметованың, Әлия Молдағұлованың және басқалардың Ұлы Отан соғысындағы тамаша ерлік істері кейінгі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге. Сондықтан да адамдар ерік арқылы өз сезімдерін басқару мен бақылауды іске асырады. Адамның барлық іс-әрекетінде ерік аңғарылады. Адамның әрекеті әртүрлі талпыныстармен анықталады.

Талпыныстар адамда өзінің өмір сүруін қамтамасыз етуде және сұраныстарын қанағаттандыруда, оның өмір сүру үрдісінде пайда болады. Адамда әртүрлі әрекетке итермелейтін көптеген талпыныстарда оның белсенділігі қаланған, белгілі бір жағдайда өмірлік міндеттер сипатына ие болатын психологиялық тұрғыдан ұмтылу, қажет ету түрінде іске асады. Адам мақсатты түрде оны шешуге ұмтылады. Қажет ету ұмтылу, талпынудың әртүрлі түрі, демек түрткілерді әрекеттерінің, іс-әрекеттің қылығы мен түрі сипатына ие болатын жеке тұлғаның барлық талпыну күштерінің жиынтығы **түрткіле саласы немесе жеке тұлғаның бағыттылығы** деп аталатын адамның психикалық өмірінің ерекше мәнді саласы ұйымдасады. Адамда ұйымдасқан іс-әрекетке талпынулар өзінің мәні мен психологиялық табиғаты бойынша әртүрлі сипатқа ие болады. Адамның түрткілер саласында оның әртүрлі іс-әрекеттерінің негізі қаланған - ерікті және еріксіз, саналы және санасыз. Түрткілер саласы адамның талпынуларының өзекті және мүмкіншілігі бар саласы ретінде ерекше құрылымы болады. Түрткілер саласы адамның ерікті іс-әрекетіне тікелей қатысы бар; себебі түрткілер саласында адамды ерікті іс-әрекеттерді орындауға бағыттап отыратын және ерікті іс-әрекетті іске асырудың сипатын, психологиялық шарттарын анықтайтын талпыну күштерінің негіздері жатыр.

**Түрткі**- французша мотив, қазақша себеп, қозғаймын деген мағынаны білдіреді. Адамды түрлі іс-әрекетке итермелейтін себеп.

Ерікті іс-әрекет психологиялық тұрғыдан мәнді ерекшеліктерімен сипатталады. Ерікті іс-әрекеттің негізгі қасиеттерінің бірі тұтас алғанда немесе жекеленген ерікті түрде іс-әрекетті іске асырудың еркіндігін түсіну - «былай істеуіме болады немесе басқаша істей аламын». Шындығында, адамның барлық әрекеті объективтік тұрғыдан белгілі себептерге байланысты. Адамның белгілі бір әрекетті неге орындағанын дәл айта аламыз. Адамның еріктік іс-әрекеті толықтай белгілі бір себептерге байланысты (детерминизм) қағидасы.

# ЕРІК ҮРДІСІНІҢ

## САТЫЛАРЫ

Әрбір әрекетті екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші - даярлық кезеңінде мақсат белгіленеді, мақсатқа жетудің жолдары мен тәсілдері анықталады және шешім қабылданады; екінші - орындайтын кезеңде алынған шешімді атқару іске асады.

**Даярлық кезеңі**- бұл ойлау әрекетінің кезеңі, әртүрлі мүмкіншіліктерді ойластыру, ой елегінен өткізу. Кез-келген ерікті әрекет мақсатты әрекет ретінде әруақытта да әрекеттің мақсатын қоюдан және түсінуден басталады. Бірақ жалғыз ғана мақсатты қою жеткіліксіз, әрекеттің пайда болуы үшін, мақсатқа жету үшін табанды ұмтылу қажет. Мақсаттың мәнін жете түсіну керек. Адам алдына қойған мақсатыныңүлкен қоғамдық мәнінтүсінгенде, ол кездесетін қиыншылықтарды жеңуге қабілетті болып табылады. Алға қойған мақсатты орындауға адамның күшжігеріжетпейтін болса, оның еркін әлсіретеді, бастаған істі аяғына дейін жеткізбеу әдеті қалыптасады. Бірақ жеңіл-желпі орындалатын мақсаттар ерікті дамытпайды, қиындықтармем күресу, кедергілерді жеңу ептіліктерін орнықтырмайды. Іс-әрекет мақсаттары адамға түсінікті болуы керек, оған жету үшін ерекшекүш-жігер қажет. Тек мақсаттар ғана шын мәнінде ерікті мінез-құлықты анықтайды.

**Шешім қабылдау**- бұл белгілі бір мақсатқа, сол мақсатты орындауға апаратын іс-әрекеттің белгілі бір тәсіліне немесе белгілі жолдарына тоқтау. Мысалы, мамандық таңдауға байланысты түрткілердің күресі нәтижесінде мектеп бітіруші университеттің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын таңдау туралы шешім қабылдайды.

**Жоспарлау**- бұл алға қойған мақсатты орындауға бағытталған тиімді тәсілдер мен құралдарды іздестіруден тұратын күрделі ақыл-ой әрекеті. Жоспарлау үрдісінде барлық мүмкін болатын және қажетті әрекеттер, қиыншылықтар мен кедергілер ескеріледі, әрекеттің нәтижесіне алдын ала бағалау беріледі.

**Алынған шешімді орындау-** келесі негізгі кезең. Шешімнің әрекетке өтуін орындау деп атайды. Ерікті үрдісте ең негізгісі алынған шешімді орындау болып табылады. Орындауда адамның еркі аңғарылады. Өзіндік дербестіктің жағымсыз сапаларының бірі – негативизм. Негативистік көзқарастағы адамда еріктің дербестігі болмайды. Ондай адамдар басқаның кеңесіне дұрыс болса да құлақ аспайды. Барлығын жоққа шығаруға тырысып бағады, тіпті өз көзқарасы мен сенімдеріне де қарама-қарсы болады. Негативизмге қарама-қарсы, сонымен қатар еріктің жағымсыз сапаларының бірі сенгіштік. Сенгіш адам басқаның ықпалына жеңіл, тез берілгіш келеді. Басқаның берген ақыл-кеңесіне қате болса да кенгіш, сыни көзбен қарамайтын еріктің жағымсыз сапасын айтады.

**Табандылық-** алға қойған мақсатты орындау жолында кездескен кедергілер мен қиыншылықтарды жеңе отырып, ұсынған шешімдерді аяғына дейін жеткізу, күш жігерді жұмсау. Ұлы Отан соғысында бүкіл кеңес халқы мен әскеріміз ерекше ерлік пен табандылықтың үлгісін көрсете білді. Табанды адам алғашқы кездескен сәтсіздіктерге мойынсұнбай, керісінше оданда жігерлене түседі, бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді.

**Табандылықтан еріктің жағымсыз сапасы - қыңырлықты** айыра білуіміз керек. Қыңыр адам өзінің көзқарасының қателігін біле тұра, өз көзқарасынан таймайды, өз пікірінде қалуға тырысады. Бұл әлсіз еріктің нәтижесі болып табылады.

**Мақсатқа ұмтылушылық-** алға қойған мақсатын қайткен күнде де орындап шығудан, бастаған істі нәтижелі етіп тындырудан көрінетін еріктің сапасы. Бұл ұстанған бағытына, бет алысына, танымы мен сеніміне қалтқысыз сене білетін адамдарда жиі кездеседі.

**Мақсатқа ұмтылушылық-** алған беттен қайтпайтын күшті ерік-жігері бар кісінің сапасы.

Адамның мақсатқа ұмтылушылық қуаты, үміт-арманы, алға қарай ілгерілеу талабы неғұрлым тартымды, әрі биік болса, оның қабілет, талабы да жоғары болады.

**Тоқтамға келу**- адамның өз бетімен жауапты шешімдер; қабылдау және іс-әрекетте оларды жүзеге асыруға қабілеттілігі. Әрекет белгілі бір шамада тәуекелге барумен және бірнеше баламаның біреуін таңдау қажеттілігімен байланысты күрделі жағдайда ерекше айқын көрінеді. Тоқтамға келу, сондай-ақ тез қабылданған шешім үшін батыл түрде жауапкершілікті озінеалуды, іс-қимылдың дер кезінде болуын, оны тез орындай білуді білдіреді. Тоқтамға келушілік жеке тұлғаның қасиеті, еріктің жоғары деңгейде дамуын көрсетеді. Көптеген адамдарда бұл қасиеттер жетпей жатады. Ондай адамдар ұзақ ойланады, бірден шешімге келе алмайды, өз күші мен мүмкіншіліктеріне сенбейді, белгілі бір қалыптасқан ахуалдан қалай шығудың жолын таба алмай қиналады.

**Ұстамдылық пен өзін-өзі бақылау**- жеке тұлғаның жағымды қасиеттерінің бірі, әр уақытта да өзін және езінің мінез-құлқын қадағалап отыру өзін-өзі бақылай білуі.

Қызбалығы мен үстірт әрекетін тежей алу оларды тәртіп ережелерімен талаптарына бағындыруы. Өте қиын және күрделі жағдайларда салқынқандылық таныта білуі және жағымсыз мінез-құлық әрекеттерін дер кезінде тежеп отыруы - ұстамды адамдарға тән сала. Ұстамды адам өзін-өзі бақылап, әрбір іс -әрекетіне есеп беріп отырады. Ұстамдылыққа қарама-қарсы жағымсыз ерік сапасы - ұстамсыздық. Ұстамсыздық қасиеттерді мектеп шәкірттерінің бойынан жиі кездестіреміз, ондай шәкірттер өте қозғалғыш, жағымсыз іс-әрекетке бейім тұрады. Олардың тарапынан жағымсыз қылықтар да жиі байқалады. Сондықтан да ондай типтегі шәкірттер мектеп ұстаздары тарапынан ондай ерекше назар аударуды қажет етеді.



**Батылдық пен ерлік** деп алға қойған мақсатты орындау жолында, адам өміріне қауіпті болуына қарамастан, кездескен кедергілерді жеңе білуде байқалатын күш-жігерді айтамыз. Ерлік тек батылдықты ғана қажет етпейді, сонымен қатар табандылықты, ұстамдылықты, салқынқандылықты да қажет етеді. Ерлік пен батылдық бір-бірімен байланысты: мысалы, ерлік пен батылдықтың көптеген үлгілерін фашист басқыншыларына қарсы күресте кеңес адамдары көрсете білді. Мысалы, Кеңес Одағының Батыры, капитан Гастеллоның ерлігін қайталаған Нүркен Әбдіровтің жанқиярлық ерлігі мен батылдығы - қазіргі жастарға үлгі-өнеге.

Адамның еріктік сапалары алға қойған мақсатты орындауда тек қоршаған адамдардың әсерімен ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі басқара білу үрдісінде де іске асады. Жеке тұлғаның ерік сапаларын қалыптастыру барысында жаңа мәнді кезеңі - өзін-өзі тәрбиелеу іске қосылады. Адам өзіне қажетті ерік сапаларын тәрбиелей бастайды.

Сондықтан да жеке тұлғаны қалыптастырудың мәнді кезеңі - өсу үстінде адам тек өзінің әрекеттері мен қылықтарын сын тұрғыдан бағалап қана қоймайды, сонымен қатар алдына өзін-өз тәрбиелеу міндеттерін қоя бастайды. Өзін-өзі тәрбиелеу өтеқұнды және тартымды болып табылатын образға (идеалға) сәйкесіске асып отырады. Өзін-өзі тәрбиелеу үрдісі ерік әрекеттер саласында өзін-өзі басқару жұмысынан басталады.



# Еріктің амал кезеңдері

Мақсат және оған жетуге ұмтылу (дайындық кезең)



Мақсатқа жету мүмкіншіліктерін түсіну (мақсат қою)



Ниет-тілектердің пайда болуы



Ниеттер тартысы және оның бірін қалау



Тоқтамға келу үшін мүмкіншіліктердің бірін қалау



Тоқтамға келген шешімді орындау



# Ерік сапалары

1

2

3

Blank text box for item 1

Blank text box for item 2

Blank text box for item 3

# Ерiк

Физиологиялық негiзi


Ерiктiң әрекеттерi

Қаңқа бұлшық еттерi

Жүйке жүйесi

Әрекет акцепторлары

Қызметтiк жүйе



# Адам қимыл-әрекеттері екі үлкен топқа бөлінеді:

**Ерікті**

Ерікті әрекеттер қарапайым қозғалыстан (мысалы, жерге түскен затты көтеріп алу) бастап, ерекше ерлікке (мысалы, жау дзотын кеудесімен жабу) немесе күрделі тарихи қызметке (мысалы, мемлекет құру) дейін болуы мүмкін.

**Еріксіз**

түшкіру, жөтелу, т.  
б

# Балада ерікті дамыту жолдары

:

- 1) 1) Баланы жас кезінен қолына алған ісін ылғи да аяқтатып, оның қолынан іс келетіндігіне сенім арттырып отыру қажет;
- 2) 2) Оқушы дербес әрекет жасауға, өз бетімен қиыншылықтармен күресе білуге үйретілсін. Қажетті жерінде тәрбиешінің өзі өнеге көрсетіп отырса тіптен жақсы;
- 3) 3) Баланы ұжымдағы ортақ мүдде үшін күресе білуге баулу, көпшілік алдындағы борышын, жауапкершілігін өтеуге жұмылдыру, оған берілген тапсырмалардың орындалу сапасын қадағалау.

## ҚОРЫТЫНДЫ

- Сонымен, тұлға - бұл шынайы жоғары интегративтік, бұзылмайтын біртұтас жүйе. Тұлғаның қалыптасуындағы орталық бөлім болып - адамның мотивациялық аймағының, яғни оның талаптарының, тілектерінің, ұмтылыстарының және ниеттерінің дамуы саналады. Қажеттіліктер қанағаттанылуы керек, ал бұл оларды қанағаттандыратын амалдарды іздеуге және табуға бағытталған әдістер мен құралдардың пайда болуын және оларды жетілдіруді қажет етеді. Сондықтан мотивациялық сфераның дамуына байланысты баланың танымдық қабілеттерінің, оның дағдыларының, қолынан келетін істерінің, әдеттері мен мінезінің дамуы жүзеге асырылады.
- Адам қажеттілігін қанағаттандыру үшін шынайы қоршаған ортаға бейімделіп қана қоймай, онымен қатынас жасай білуі керек. Осындай бейімделудің құралы болып - адамның уайымдары саналады. Олар адам қажеттілігінің қанағаттанылуының деңгейін ерекше әсерлі түрде көрсетеді. Уайымдар адамның қоршаған ортамен қарым-қатынастарға бейімделуінің бастапқы құралы болып, кейінірек өзіндік мағынаға ие болады және адам қажеттілігін сезіне бастайтын психологиялық шындық түрінде көрінеді. Осылайша адамның психологиялық дамуына шексіз мүмкіндік тудыратын қанықпайтындай көрінетін қажеттіліктер пайда болады. Тұлғаның қалыптасуындағы қажеттіліктерді жете түсіну үшін баланың өмір үрдісінде пайда болатын және дамидың жаңа әлеуметтік қажеттіліктерді ескеру қажет.
- Л.С.Выготскийдің ілімі бойынша, онтогенетикалық даму кезінде бала санасының жүйелік құрылысы өзгереді. Осы теориялық пайымдауды жалғастыра отырып, біз адам тұлғасы да жоғары интерактивтік деңгейдегі тұрақты салыстырмалы психологиялық жүйе екенін мойындауымыз керек. Және бұл жүйенің де өзіндік даму қисыны мен заңдылықтары бар.
- Тұлғаның қасиеттеріне зейін, сезім, эмоция, ерік, темперамент, мінез және қабілет жатады.